

Сириядағы қазіргі жағдай (2012 жылдың қаңтары-наурыз)

Ж.Б. Момынқұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: janatmom@bk.ru

Түйін. Бұл мақалада қазіргі Сириядағы жағдай қарастырылады. Сирияда қанды қақтығыстар мен осы елге қарсы енгізілген шектеулердің күшеюімен бірге сириялықтардың әлеуметтік жағдайы да күн сайын нашарлап келеді. Ресми іс-шаралар мәселенің уақытында бейбіт жолмен шешілуі үшін әлі де жеткіліксіз. Ресей мен Қытайдың Сирия мәселесі бойынша ұстанымдары Батыс тарапынан қатты сыналуда. АҚШ пен Израильдің мәселеге қатысты ұстанымдары түсінікті. Түркия, Иран, Араб елдері лигасының ұстанымдары толық зерттеуді қажет етеді. Сириядағы жағдай әлі де тұрақсыз. Бұл жағдайда алда қандай оқиғалардың болатынын, олардың қалай өрбитіндігін анықтауды күрделендіреді.

Тірек сөздер: Сирия, оппозиция, соғыс, ұстаным, шешім, санкциялар, тұрақсыздық.

Сириядағы қазіргі жағдай бүкіл дүниежүзінің назарын өзіне аударып отырған күрделі халықаралық мәселе екендігі белгілі. БҰҰ дипломатиясының елде мардымды еш нәрсе істей алмауы және Сириядағы қақтығыстардың барған сайын үдей түсуі бұл мәселенің тым ушығып кеткендігін көрсетеді. Ресей, Иран мен Қытай бір жақтан, АҚШ, Еуропа Одағы, Израиль, Түркия, Араб елдері лигасы екінші жақтан, Сириядағы шиеленісті жағдайдың келешегіне қатысты бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарды ұстануда. Ресей мен Қытай Сириядағы биліктің «Ливиялық сценарий» бойынша ауыстырылуына қарсылық білдіріп, БҰҰ-да veto құқығын пайдаланғандығы мәлім. Оған Иран да қосылып, шиит ағымының өкілі Башар Асадтың билікте қалғанын қалайтынын білдірді. Бұл үштіктің ұстанымы бойынша, оппозиция мен билік ортақ бір келісімге келіп, барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыратын нәтижеге қол жеткізулері тиіс.

Қалай айтсақ та, Сирияда Таяу Шығыстың тағдырына ықпал ету мақсатында әртүрлі саяси мүдделердің қақтығысып жатқандығы анық. Демек, Сирия үлкен стратегиялық және геосаяси жоспардың бір бөлшегі болуы себепті Ливиядан да маңызды жоба деген қорытынды жасауға болады. Тағы бір айта кетерлігі, Сириядағы жағдайды шешуде Түркияның рөлі мен ықпалы күрт арта түскендігі. CNN арнасына берген сұхбатында белгілі саясаткер Збигнев

Бжежинский аймақта үлкен геосаяси жоспарды жүзеге асыру үшін Американың түріктерді пайдаланатындығын айтқан еді. Десек те, Түркия АҚШ-тың бастамасының ауыр жүгін көтергісі келмейтіндігін білдірді [1, 4 б.].

Сириямен көршілес әрбір елдің кез келген геосаяси жобаны қолдауының немесе қолдамауының өзіндік тарихи-саяси себептері баршылық. Мәселен, кейбір араб мемлекеттері Араб елдері лигасының ұстанымын қолдамайды.

Ресей СІМ басшысы С. Лавров наурыздың 9-10 күндері БҰҰ-ның және Араб елдері лигасының (АЕЛ) Сириядағы өкілі Кофи Аннанмен кездесіп, оған Мәскеудің ұстанымын тәптіштеп, жеткізіп берді. Нәтижеде, Мәскеу мен АЕЛ Сирия жөнінде ортақ түсіністікке келді. С. Лавров сондай-ақ, Мысыр қарулы күштерінің жоғарғы қолбасшысы Тантавимен кездесті. Ресей жағы қантөгісті тоқтату, сынаржақтылықтан арылып, елдің ішкі жағдайына қол сұқпау сияқты талаптарын қойды. Сауд Аравиясы сияқты АҚШ-ты қолдайтын елдер Ресейдің бұл әрекетін де сынға алды.

Таяу Шығыстағы оқиғалардың алда қалай өрбитіндігі әлі де белгісіз. Қытай мен Ресейге келсек, халықаралық қауымдастық тарапынан сыналды, Сириядағы қантөгістің алдын алуға кедергі жасағаны үшін айыпталуда. Қазір Сирияда қарулы қақтығыстың орын алып, онда көптеген азаматтардың оққа ошып жатқандығы белгілі. Бүкіл әлемнің назары Сирияға бағытталған. Са-

яси режимнің ауыстырылуын дұрыс шешім деп санайтындар қатары артып келеді.

«Сирия көктемi» қалай басталып едi?

2011 жылдың наурызында «Араб көктемi» оқиғаларының әсерiмен Сирияның Дараа деген кiшiгiрiм қаласында полицияның озбырлығына қарсы ереуiл орын алды. Бұл ереуiл Сирияның басқа да қалаларына тарап, ереуiлшiлер жергiлiктi өмiр сүру деңгейiне наразылықтарын бiлдiрiп, әлеуметтiк-экономикалық талаптар қоя бастайды. Кейiнiректе, ереуiлдер көтерiлiстерге, сондай-ақ, құқық қорғау өкiлдерiмен қақтығыстарға ұласып, билеушi режимнiң құлатылуы туралы талап қойыла бастады. Бiрақ, көтерiлiсшiлер мен полиция күштерi арасындағы қақтығыстар өрши түсiп, кiсi өлiмiне апарды. Елдiң оппозициялық күштерi шоғырланған Хама, Хомс, Халеп сияқты шаһарларында жанжалдар күшейiп, осылайша, кiсi өлiмi көбейе бердi. Мамандардың есептеуiнше, Сирияда соңғы бiр жыл iшiнде қақтығыстардан қаза тапқан кiсiлердiң саны жетi мыңнан асып кеткен.

Шиеленiс барысында, Сирия аумағында қаруланған әртүрлi топтар көбейдi. Сириядағы билеушi партия «Араб социалистiк өрлеу партиясының пiкiрiнше, Сириядағы жағдайдың тұрақсыздануына Израиль, АҚШ, Франция және Ұлыбритания кiнәлi. Қазiр «Сирия ұлттық кеңесi» деп аталатын сыртқы оппозиция Стамбулда орналасқан. 2012 ж. 10 қаңтарында сөйлеген сөзiнде Б. Асад наурыз айында жаңа конституцияның қабылданатынын, мамыр мен маусым айларында Парламенттiк сайлаудың өткiзiлетiнiн мәлiмдедi [2, 12 б.].

Сириядағы қазiргi әлеуметтiк және гуманитарлық жағдай.

Сирия туралы анық бiлетiнiмiз, елде қантөгiстердiң орын алып жатқандығы. Орыс сарапшыларына сенсек, Сирия халқының басым бөлiгi Б. Асадты қолдайды екен. Түрiктiң сарапшыларына сенсек, сириялықтардың көбiсi өзгерiстердiң радикалды жолмен емес, бейбiт жолмен iске асқанын қалайды екен. Дубай зерттеу орталығының директоры Самир Такидiң ойынша, «кiм бұрын» деп аталатын осы соғыста Ресейдiң белсендi рөл атқаруы қажет.

Қазiр, Сирия саяси дағдарыспен қатар экономикалық дағдарыс жағдайында тұр. Сирия аумағында автокөлік қатынастары тоқтап, Халеп пен Дамасктың арасы жол жүру үшiн қауiптi аймаққаайналған. Зауыттармен өндiрiс орындары

тұралап, байланыс нашарлаған. Ауруханаларда маман жетiспейдi, тоқ жеткiлiксiз. «Еркiн Сирия әскерi» болса, iшкi аймақтардан және сырттан ақшамен қаржыландырылып, билiкке бағынған әскерилермен кескiлескен соғыс жүргiзiп жатыр. Сирия оппозициясы билiкпен мәмiле жасауға дайын екендiгiн мәлiмдедi.

2012 жылдың 26 ақпанында өткен жаңа Конституция қабылдау жөнiндегi референдум.

Сирияда жуырда демократиялық сипаттағы жаңа конституция қабылдау жөнiнде референдум өткiзiлдi. Референдумда, ел президентiн жалпы сайлауда сайлау, оның өкiлеттiлiктерiн екi мерзiммен шектеу, билiктi мұраға қалдыруға тыйым салу және билiктегi партияның өкiлеттiлiктерiн шектеу туралы ұсыныстар қарастырылды. Оппозициялық партиялар халықты референдумның нәтижелерiн мойындамауға шақырды. Құжатқа сәйкес, президент екi мәрте жетi жылдық мерзiмге сайлана алады [3, 11 б.]. Алайда, бұл ереже тек келесi президенттiк сайлау кезiнде ғана күшiне енедi. Алдағы сайлаудың 2014 жылы болатынын ескерсек, Башар Асад сол кезден бастап билiк басында әлi он алты жыл отырады деген сөз. Оппозиция мен Батыстың мұндай шешiмдi қабылдамайтыны белгiлi. Асадтың талаптары тым жоғары, өзi артқа шегiнiс жасауға құлықсыз, соңына дейiн билiктен бас тартпайды.

2012 жылдың 24 ақпанында Тунисте өткен «Сирияның достары» атты жиналыстың қорытындысы.

Референдумнан екi күн бұрын Тунисте Сирияның жағдайына арналған халықаралық жиналыс өткiзiлдi. Бұл үлкен жиналысқа АҚШ бастаған жетпiстен астам елдiң өкiлдерi қатысты. Ресей мен Қытай бұл жиынға наразылық ретiнде өз өкiлiн әдейi жiбермедi. Келесi жиналыстар Түркия мен Францияда өтетiн болды. Конференцияда Сирияның келешек тағдыры, халықаралық қауымдастықтың Асадтың режимiне қарсы қолданатын iс-шаралары талқыланды. Сирияның «Достар тобы» Асадтың билiгiне әртүрлi қысым көрсету туралы шешiм қабылдады. Жиналыстың нәтижесiнде, Сирия ұлттық кеңесi заңды ұйымға айналды. Бұған қоса, аталмыш мәселе бойынша, АҚШ пен Түркияның бiрге әрекет ететiндiгi туралы келiсiлдi. Келесi жиналыс Түркияда өтетiн болды.

Араб елдерi Лигасының Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

2011 жылдың 26 желтоқсанында Араб елдері лигасы Сирияға 165 кісіден құралған арнайы бақылау тобын жіберді. Сириялық билік тарапынан қаржыландырылған қарулы топтар көтерілісші күштерге қарсы әскери шабуылдарын үдете түсті. Сондықтан, Сириядағы жағдай одан әрі шиеленісіп, 26 қаңтарда жұмыс тобы ешбір оң нәтижеге қол жеткізе алмай, елден қайтып кетеді. Жұмыс тобының мақсаты елдегі күш қолдануды тоқтату, ресми Дамасктың жүзін халықаралық қауымдастыққа қарай бұру еді. Сауд Аравиясы мен Қатар мемлекеті Сирия басшылығын айыптап, БҰҰ ҚК-де Сирияның да «ливиялық» сценарий бойынша «өзгеруі» керектігін баса айтты. Бұл екі ел АҚШ-тың айтқанын екі еткізбей орындайтын, оның аймақтағы жоспарларын іске асыратын агенттері іспеттес. Екі ел де Таяу Шығыс аумағында Иранның ықпалымен шииттік биліктердің күшеюінен қорқады. Сирияға Араб елдері лигасынан келген делегациялардың арасынан бірінші болып Сауд Аравиясы, кейінірек, Парсы шығанағы ынтымақтастығы кеңесі де бақылау комиссияның құрамынан шығып кетті. Асад Араб елдері лигасының ұсынысын қабылдамай, елге сыртқы күштердің қол сұқпауы керектігін баса айтты. Ұйымның жоспарын Ливан қабылдамады, Алжир мәселенің Қауіпсіздік кеңесіне берілуіне қарсы болса, Ирак екі ойлы күй кешіп, шешім қабылдауда әбiгерге түсті.

Сириядағы оқиғалардың даму болашағының ықтимал бағыттары.

Араб елдеріндегі, әсіресе Сириядағы «демократиялық» өзгерістер исламшыл топтардың тең және әділетті халық сайлаулары арқылы билікке келуіне жағдай жасайды. Демек, Батыс елдері үшін араб шығысында исламшыл күштердің билікті қолдарына алуы соншалықты қауіпті жағдай емес. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Батыс пен Совет одағы араб елдерін екі блокқа бөлгені тарихтан белгілі. Ол кезде, араб әлемі социалистік және батысшыл бағыт бойынша бөлінсе, қазіргі жағдайда да араб халқының бір бөлігі Ресей мен Қытайдың Сириядағы жағдайдың тұрақтылығын сақтау жөніндегі геосаяси ұстанымын қолдаса, екінші бөлігі Батыстың ұсынып отырған демократиялық арнамен даму жолын таңдайды.

Ресейдің Сирияда маңызды геосаяси мүдделері бар. Оның үстіне, орыстардың дипломатиялық жеңілісі Ресейдің маңызды стратегиялық аймақ болып есептелетін Таяу

Шығыстағы жалғыз одақтасынан айырылып қалуына, Тартус орыс әскери базасының жабылуына, Ресейдің халықаралық беделінің едәуір төмендеуіне әкелер еді. АҚШ-та президенттік сайлаудың өткізілуі себепті Вашингтонның әзірше соғысқа кірісе алмайтыны белгілі. Бірақ, Мәскеу мен Бейжің Сирия мәселесінде артқа шегініс жасамай, өз айтқанынан бас тартпаған жағдайда американдық әскери басшылықтың қандай нақты қадамдарға баратыны да әлі түсініксіз.

Сириядағы билеуші топтың құлатылуы жағдайында, Сирияда да исламистер билік басына келуі әбден мүмкін. АҚШ-тың Сирияға басып кіруі жағдайында, ирақтық немесе ливиялық сценарийлердің іске асырылуы мүмкін [4, 7 б.].

Соғыстың болуы жағдайында АҚШ әскери шығындарын үнемдеу мақсатында аймақтағы сенімді де берік серіктесі Түркияның әскери күштерін қолдануы мүмкін. Себебі, Асадты қатты сынаушылардың бірі Түркия. Оның үстіне, Сириядағы жаңа билікке кімнің келетіні Түркиямен қатар Иранды да толғандырып отыр. Түркия да, Иран да араб елдерінің әлсірегенін пайдаланып, аймақтың көшбасшысына айналуға құлықты. АҚШ-тың Иранға қарсы шүйлігуі жағдайында соңғысының аймақтық көшбасшы болуы екіталай. Сонымен, Сирия мәселесі Ресейдің, Түркияның және Иранның дипломатиялары үшін үлкен сынақ болмақшы. Әзірше, Түркияның сыртқы саяси ведомствосы Ресей сияқты мәселенің әскери шығынсыз, дипломатиялық келіссөз жолымен шешілгенін қалайтын сыңай танытады. Өйткені, Түркия үшін әскери араласу стратегиясы тиімді емес екені белгілі.

Қорытынды.

Әзірше, сириялық оппозиция өкілдеріне, көтерілісшілерге деген дүниежүзілік қолдау күшейіп, қарулы да қанды қақтығыс барған сайын өршіп келеді. АҚШ пен Ресей «Сирия картасын» қолға алып, «Қырғи қабақ соғысын» қайта еске түсіріп жатқанға ұқсайды. АҚШ Ресейді Таяу Шығыс аймағынан ығыстыруға тырысып жатыр. Орыстар болса, аймақтағы соңғы одақтасынан айырып қалғысы келмей, Сириядағы саяси тұрақтылықты сақтап қалуға барынша тырысып бағуда. Алайда, тараптар келіссөз жасауға әлі дайын емес сияқты. Ресей, АҚШ, Түркия және араб елдері бірігіп, ортақ келіссөзді қамтамасыз етулері керек.

Әдебиеттер

1. O. Orhan. Suriye için Libya Modeli Uygulanabilir mi? 14/02/2012. www.orsam.org.tr
2. Doç. Dr. Celalettin Yavuz. Rusya'nın ... Hamleleri. 21/02/2012. www.usak.org.tr
3. Zbignjev Bzejnskiy's Interview. February, 2012. www.cnn.com
4. Yezid Sayigh. China's Position on Syria. February 8, 2012. www.CarnegieEndowment.org
بول سالم الحياة، الخميس، 23 شباط/فبراير 2012 هل تستطيع روسيا إنقاذ سورية؟
5. Dr. Claire Spencer. The Syrian Conundrum. 7 February 2012. www.chathamhouse.org
6. Salman Shaikh. Netanyahu and Syria. March 01, 2012. www.brookings.com

Ж.Б. Момынкулов
Ситуация в Сирии (январь-март 2012)

Автором данной статьи рассматриваются проблемы, связанные с нынешней ситуацией в Сирии. В начале статьи дается обзор общих и важных событий, которые имели место в Сирии в период с конца прошлого года до марта текущего года. Дается анализ основных факторов, вызвавших протестное настроение у оппозиционно настроенной части сирийского народа и способствовавших формированию сирийской оппозиции. В связи с усилением эскалации насилия и ужесточения извне экономических санкций против страны социальное и гуманитарное положение сирийцев с каждым днем стремительно ухудшается. Проведение в феврале 2012 года Референдума по принятию новой Конституции, а также Тунисской конференции «Друзей Сирии», оказалось недостаточным для своевременного мирного урегулирования сирийского кризиса. Позиция России и Китая по сирийскому вопросу остается стабильной. Ситуация в Сирии все еще остается неопределенной, что затрудняет делать прогнозы относительно перспективы развития событий в Сирии.

Zh. B. Momynkulov
Current Situation in Syria (January-March 2012)

In this article issues related to the current situation in Syria are considered. In the beginning of the paper general review of the most important events and changes, which took place in the last period in Syria, is given. But the efforts of the geopolitical powers turned to be insufficient for peaceful and forehanded regulation of the Syria crisis. Position of Russia and China regarding the issue remains unchanged, what is regularly criticized by the West States. Open position of US and Israel in this issue doesn't cause any difficulty to the experts. But, positions of Turkey, China, Iran and Arab Countries League require very attentive attitude and approach for the better understanding of their policies in the Middle East Region. Current situation in Syria still remains uncertain. This is why it's difficult to make any precise prognosis in regard to the prospects of possible changes in Syria.

Key Words: Syria, opposition, war, position, solution, sanctions, instability.